

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИТЕТІ МӘЖІЛСІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС
№3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

13.11.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Өзтүрк, Факультет ОӘК төрағасы доцент ф.ғ.к П.Адиева, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүйінжанова, ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі орынбасары Е.Алашбаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Оңалбекова, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Х.Четин, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі М.Сейтова, факультет СМЖ жұмысына жауапты Ы.Нурмагомбетова, факультет ОӘК хатшысы Қ.Жарылқасын.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Әртүрлі мәселелер:

ф.ғ.к., доцент Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Морфология: жалғаулар» оқу құралын талқылау;

ф.ғ.к., доцент Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Морфология: сөз таптары» оқу құралын талқылау;

ф.ғ.к., доцент Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» оқу-әдістемелік құралын талқылау.

Тыңдалды:

Әртүрлі мәселе бойынша

Филология факультеті ОӘК төрағасы П.Адиева сөз алып доцент Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Морфология: жалғаулар» атты оқу құралымен қысқаша таныстырып өтіп, оқытушылар және білімгерлер үшін пайдалы болатынына сенім білдірді.

Одан әрі факультеттің Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Сүйінжанова Оқу құралының мазмұны – бакалавриат студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне және тіл саласында ізденіс жүргізіп жүрген жас зерттеушілерге таптырмас оқу құралы. Мазмұны жағынан толыққанды, ғылыми негізделген және оқыту тәжірибесіне лайық дайындалған. Морфологиялық теория мен тәжірибені ұштастыруы – оның басты жетістігі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралы құптауға тұрарлық: тапсырма түрлері сараланған, білім алушының дербес жұмыс істеуіне лайықталған тапсырмалар түрлері іріктелген, әрбір тапсырма түрінің логикалық ойлауды дамытуға негізделіп құрылғандығын атай отырып университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қаралуға ұсыныс жасады. Ұсыныс қолдау тапты.

Шешім: Қазақ филологиясы кафедрасының доценті Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Морфология: жалғаулар» атты оқу құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қаралуға ұсынылсын.

Филология факультеті ОӘК төрағасы П.Адиева сөз алып доцент Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Морфология: сөз таптары» атты оқу құралымен қысқаша таныстырып өтіп, пікірлерді тыңдауға кезек берді.

Одан әрі факультеттің Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Сүйінжанова: «Ұсынылып отырған оқу құралы - қазақ тіл білімінің морфология саласына арналған кең ауқымды материалдарды қамтитын, жүйелі әрі ғылыми негізде құрастырылған еңбек. Оқу құралының мазмұны қазақ тілінің морфологиялық құрылымын жан-жақты қарастыруымен ерекшеленеді. Мұнда сөз таптарының жіктелуі мен зерттелуінен бастап, грамматикалық мағына, грамматикалық категория, морфологияның басқа лингвистикалық пәндермен байланысы сияқты теориялық ұғымдар терең талданған», - дей келе университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қаралуға ұсыныс жасады. Ұсыныс қолдау тапты.


Шешім: Қазақ филологиясы кафедрасының доценті Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Морфология: сөз таптары» атты оқу құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қаралуға ұсынылсын.

Филология факультеті ОӘК төрағасы П.Адиева сөз алып доцент Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» оқу-әдістемелік құралымен қысқаша таныстырып өтіп, пікірлерді тыңдауға кезек берді.

Одан әрі факультеттің Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Сүйінжанова: «Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал – қазақ тіл білімінің морфология саласына арналған кешенді ғылыми-әдістемелік еңбек. Құралдың құрылымы мен мазмұны жүйелі, логикалық бірізділікпен түзілген. Оқу-әдістемелік құралы қазақ тіліндегі морфемалар жүйесін, грамматикалық мағына мен грамматикалық категориялар табиғатын, сөз таптарының құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін теориялық тұрғыда терең түсіндіре отырып, әр тарауға байланысты практикалық жаттығулармен, тест сұрақтарымен және өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалармен қамтамасыз етілген», - дей келе университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қаралуға ұсыныс жасады. Ұсыныс қолдау тапты.


Шешім: Қазақ филологиясы кафедрасының доценті Г.Жылқыбайдың осы оқу жылына жоспарланған «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» оқу-әдістемелік құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қаралуға ұсынылсын.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы



П.Адиева

Оқу-әдістемелік комитет хатшысы



Қ.Жарылқасын